



"Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 205 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 тамызда № 4646 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 20.06.2017 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Ақтөгай ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Қоса берілген "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.
2. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамамен белгіленген тәртіпте Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына міндеттелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

C. Батыргұжинов

Ақтөгай ауданы
әкідігінің 2015 жылғы
"28" шілдедегі № 205
қаулысымен
бекітілді

"Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Ақтөгай ауданының аумағында жер қатынастары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

7. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз күзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140200, Ақтөгай ауданы, Ақтөгай ауылы, Абая көшесі, 77.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы - "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение "Отдел земельных отношений Актогайского района".

11. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидалармен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

"Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіpte құрылады: сағат 9.00 - 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00 – 14.30-ға дейін, аптасына бес жұмыс күн, демалыс күндері: сенбі - жексенбі.

12. Мемлекет Ақтогай ауданы әкімдігі тұлғасында "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Ақтогай ауданында жер қатынастары саласында мемлекеттік саясатты жүргізу.

17. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаты аудандық деңгейде жер қатынастары мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

18. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні Ақтогай ауданының аумағында жер қатынастарын реттеу мәселелерінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

19. Негізгі міндеттері:

жер қатынастары саласын реттеуде бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді, жер ережелерінін заңдылықтарын қатаң сақтау;

жер мониторингін жүргізуді ұйымдастырады, бар жерлердің және оны санаттары бойынша пайдалануды, жер телімдерінің меншігі, бұзылған жерлерді қайта өңдеу, топырақтың құнарлы қабатын алу және пайдалану жөнінде жыл сайын аудандық есепті жасау;

жер қатынастары саласында мемлекеттік мұддені қорғау.

20. Функциялары:

1) иесі жоқ жер участекерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) ауданың, жергілікті атқарушы органдарының жер участекерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

4) жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлауға байланысты мақсаттары үшін жер участекерін беру жөніндегі ауданның атқарушы органының ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) мемлекет мұқтажы үшін жер участекерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) жер участекерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

7) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер участекерінің кадастрық (бағалау) құнын бекіту;

8) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер участекерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

9) жерді аймақтарға бөлу жобаларын және ауданның жерін ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды, жобалар мен сыйбаларды әзірлеуді ұйымдастыру;

10) елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

11) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

12) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қазгайтын аудандық бағдарламалардың, жобалар мен схемаларға сараптамасын жүргізу;

13) ауданның жер тенгерімін жасау;

14) жер участекерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

15) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекерінің төлкүжаттарын беру;

16) жер участекесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

17) ауданның жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер участекерін пайдалануға рұқсат беру жөнінде ұсыныстар дайындау;

18) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

19) жерді резервке калдыру жөніндегі ұсыныстар дайындау;

20) жер қадастрық жоспарды бекіту;

21) пайдаланылмайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзып пайдаланған жерлерді анықтау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, қызметтік құжаттарын қарауды қамтамасыз ету;

23) мемлекеттік тілдің жаппай қолдануына бағытталған шараларды қабылдайды, оның халықаралық беделін бекіту;

24) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімдігі, әкімі және жоғары сатыдағы ұйымдарының қарастыруға жер қатынастары саласында дамудың негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және өзге де ұйымдарынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

3) мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;

4) "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелері бойынша мәжілістерді өткізу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

"Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін ауданының өзге де атқарушы органдарымен және қарамағындағы ұйымдарымен өзара әрекеттеседі.

3. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

24. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

25. "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Ақтогай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

3) "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі барлық қызметкерлерімен орындалуы міндettі өз құзыretіне кіretіn мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

5) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіtedі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермеледі, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіptіk жаза қолдануды жүзеге асырады;

7) "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекіtedі;

8) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мұддесін білдіреді;

9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шараларды қолданады және осы үшін дербес жауапты болады;

10) өз құзыretі шегінде шарттар, келісімдерді жасайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

26. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен Еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынастары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

27. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мұлікті басқару бойынша уәкілетті органының (аудан әкімдігі атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласындағы уәкілетті органының арасындағы қарым-қатынастары қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

4. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің мұлкі

29. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшаулаған мүлкі болу мүмкін.

30. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

31. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлкі аудандық коммуналдық меншікке жатады.

32. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

33. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің қайта ұйымдастыру және қысқарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі аудандық коммуналдық меншікте қалады.